Астана қаласы, Қазақстан*

КЕЙБІР СҮТҚОРЕКТІЛЕРДІҢ ҚҰРСАҚ ҚУЫСЫНДАҒЫ ЛИМФА ТҮЙІНДЕРІНІҢ МОРФОҚЫЗМЕТТІК СИПАТЫ МЕН ТОПОГРАФИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада сүтқоректілердің бірқатарындағы құрсақ қуысында орналасқан лимфа түйіндерінің морфоқызметтік сипаты мен топографиясы туралы жазылған. Лимфа түйіндерінің саны, пішіні, орналасуы олардың лимфа ағысының аумағына байланысты, сонымен қатар, лимфа ағысы жолдарының құрылысының әртүрлілігі филогенездегі лимфа түйіндерінің кешегілдеп пайда болуымен және олардың филогенездік дамудың ерекшелігімен түсіндіріледі.

Басты сөздер: лимфа түйіндері, құрсақ қуысындағы лимфа ағысы, монохромдық және полихромдық егу, морфоқызметтік сипаты мен топографиясы, филогенездік даму, сүтқоректілер.

Сүтқоректілердің лимфа түйіндерінің филогенездегі дамуы мен салыстырмалы анатомиялық зерттеулерге, сонымен қатар жас ерекшеліктеріне арналған мәліметтер өте аз. Лимфа жүйесінің эволюциялық бағытындағы танымын-

да бұл сұрақтардың теориялық және практикалық қызығушылық тудыратыны еш күмән келтірмейтіні белгілі.

Сүтқоректілердің 10 түрінің: ірі қара мал, жылқы, қоян, ит, түлкі өлекселерінің құрсақ қуысындағы лимфаағысы жолдары зерттелді.

Монохромдық және полихромдық егу, препараттау және сипаттап жазу әдістері арқылы асқазан - ішек жолдары мүшелерінің (қарын, ащы және жуан ішектер, бауыр, қуық, ұйқы безі) сонымен қатар жыныс мүшелер жүйесінің (аталық және аналық жыныс бездері, жатыр) және бүйректің кейбір аймақтарының лимфаағысы жолдары зерттелді. Егу, зерттеліп отырған мүшенің әкеткіш лимфа тамырлары мен ұпаға 2, 5 және 10 миллиметрлік шприцтің инесін қолмен тереңірек батыру арқылы жүргізілді.

Сүтқоректі жануарлардың құрсақ қуысы мүшелерінің лимфаағысын зерттеу нәтижесінде келесі мәліметтер алынды.

Әдетте сүтқоректі жануарлардың лимфа түйіндері ірі, топтаса орналасқан, мүшенің аймақтық лимфа түйіндері лимфа тамырлары арқылы байланысқан. Әрбір түйін өзіне белгілі бір мүшеден немесе кейбір жануарларда эмбриондық дамуы бір әртүрлі мүшеден лимфаны жинайды. Бірақ бұндай түйіннің әрбір ұлпалық бөлігі лимфаны сол мүшенің белгілі бір бөлігінен жинайды және белгілі әкеткіш лимфа тамырлары арқылы жинайды. Аймақтық лимфа түйінінің толық егілуі тек қана мүшенің әкеткіш лимфа тамырларының толық егілуіне байланысты жүзеге асады.

Зерттелетін мүшенің әкеткіш лимфа тамырымен әрбір шаншылған ине арқылы түсетін егу массасының мөлшері осы мүшенің аймақтық лимфа түйіндерінің лимфатамырларын толтырады, сондықтан басқа аймақтағы түйіндердің ұлпаларына таратылмайды. Жануарларда бұл ірі аймақтық лимфа түйіндерінің егу ерекшелігі В.Гистің зерттеу жұмыстарында айтылған, бірақ осы уақытқа дейін бұл жұмысқа қызығушылық тудыра қоймады.

Зерттелген сүтқоректі жануарлардың (сиыр, қой, жылқы және иттердің) ұрықтарын және жаңа туған төлдердің (шошқа, иттер) ересек жануарларға қарағанда аймақтық лимфа түйіндерінің айқындылығы төмендеу. Бұл жерде ол тек бүтін лимфа түйіндерінің сәйкестілігімен ғана анықталады, бірақ мүшенің белгілі әкеткіш лимфа тамырларымен байланысқан ұлпа түйіндерінің жеке

бөліктерімен айқындалмайды. Ұрық пен жаңа туған төлдердің зерттелетін мүшелерінің жеке әкеткіш лимфалық тамырларының аймақтық түйіні мен оның ұлпасының үлкен бөлігі өлшемді бояумен толтырылады. Сол мүшенің басқа лимфа тамырларына егу арқылы енгізілген бояу мүшенің белгілі әкеткіш лимфа тамырлары орналасқан ұлпа бөлігіне келеді.

Сүтқоректі жануарлардың құрсақ қуысындағы лимфа түйіндерінің жалпы саны салтырмалы түрде онша көп болмайды. Әдебиетке сүйенсек, мысалы, дельфиндарда тек бір-екі ірі аймақтық лимфа түйіндері қарынның, ащы ішектің, бауырдың, ұйқы безінің жуан ішектің бас жағының лимфасын біріктіреді, бір түйін-конгломерат лимфаны каудальды шажырқайлық артериямен қоректенетін жуан ішек бөліктерінен (біріншілік артқы ішек туындысы); қолқаның сол және оң айналым маңындағы бүйрек артериясының бойындағы құрсақ қуысы қабырғасының дорсальды бетінде орналасқан екі түйін бүйректің аймақтық түйіндері болып саналады, сондай-ақ құрсақ артериясының соңғы бөлімдерінің жан-жағында және сыртқы оң және сол мықын артериясының басталар тұсында орналасқан екі түйін жамбас қуысындағы мүшелерге аймақтық болып саналады (бұл түйіндер негізінде құйрықтан және құрсақ қабырғасынан лимфа жинауы мүмкін).

Біздің зерттеп отырған сүтқоректі жануарлардың көбінде қарын, он екі елі ішек және оның туындысы (бауыр мен ұйқы безі), аш және мықын ішектер, сонымен қатар жуан ішектің бас бөлігі бір-бірінен бөлінген. Осы жануарлардың көбінде топтасып немесе тізбектеліп орналасқан бірнеше түйін белгілі бір мүшеге аймақтық болып саналады. Аш және мықын ішектердің (шажырқайлық) аймақтық лимфа түйіндері өте ірі немесе бірнеше топ құрайды. Бірақ жылқы малында құрсаққуысындағы лимфа түйіндерінің жалпы саны жағынан өте көп, ал жуан ішекпен байланысты түйіндер вентральды (оң шажырқайлық) және дорсальды (сол шажырқайлық) қабат құрып орналасады.

Сүтқоректі жануарлардың құрсақ қуысының лимфа түйіндерінің негізгі ерекшелігі, әдетте лимфа әрбір лимфа түйіндерінен көкірек лимфа өзегінің түбіріне келеді. Мүшелерден лимфаны әкету жолдары лимфа түйіндерінің ұлпаларында емес тек көкірек өзегінде немесе оның түбірінде бірігеді. Сүтқоректі жануарлардың құрсақ қуысынан көкірек өзегіне әкететін лимфаағысының жолы қарапайым және қысқа болады. Ол өз кезегінде мүшеден әкеткіш лимфа тамырлары арқылы іс жүзіне асады, сол лимфа түйініне немесе түйіндеріне аймақтық болып есептеледі (әрбір лимфа түйіні 1-ші кезеңдік) және көкірек өзегінің түбірін құрайтын

аймақтық лимфа түйінінің әкеткіш лимфа тамырлары; көкірек өзегінің вентралды түбірі мүшенің аймақтық лимфа түйінінің әкеткіш лимфа тамырларынан құралған, ал дорсо-латералды - (оң және сол бел) - құрсақ қуысында орналасқан барлық басқа түйіндердің әкеткіш лимфа тамырларын құрайды. Жұп және тақтұяқты отрядтарының өкілдерінде іштік қуыс мүшелерінен көкірек қуысына екі немесе бірнеше (3-4) түйіндер бірігіп, лимфаның жекеленген үлестерімен құйылатындығы анықталды, бұл жол 2-, 3- немесе 4-кезеңдік орын болып табылды. Аталған қосымша түйіндер негізгі түйіндердің ағыс жолында немесе мүшелердің негізгі аймақтық түйіндері лимфа ағыс жолдарында орналасқан. Сонымен қатар, негізгі аймақтық түйіндердің ағыс жолында орналасқан қосымша түйіндер мүшенің жекеленген әкелуші лимфа тамырларына бөлінеді, бұл түйіндер қарастырылып отырған түйіндердің ұзаруына және күрделенуіне әсер етпейді. Мүшелердің негізгі аймақтық түйіндері әкетуші тамырлардың жолында орналасқан қосымша лимфа түйіндері лимфаағыстың көпшілік аумағын құрайды және олардың созылуы мен күрделенуінде маңызы зор болып табылады.

Ірі қара малдардың құрсақ қуысында орналасқан лимфа түйіндерінің саны салыстырма-

лы түрде өте көп, ал олардың өлшемдері орташа есеппен 0,3 см - 1 см тең.

Ірі қара малдармен салыстырғанда қояндарда құрсақ қуысындағы жекеленген мүшелердің әкетуші лимфа тамырлары тарамдалған, не белгілі бір топқа біріккен немесе бірнеше топтың құрамына кіретін, бір-бірінен ерекшеленетін түйіндермен аяқталады. Әр түрлі лимфа тамырлары арқылы ағзадан бөлінетін лимфа үлесі үшін түрлі кезеңде нақты түйін болып табылады, осы түйін біріктірілген немесе біріктірілмеген біріншілік дамумен (эмбриондық қалыптасумен) басқа ағзалардан лимфа ағысы жолындағы кезеңдік орта болуы мүмкін. Ағзалардан бөлінген лимфа үлесінің бірігуі туындау орнынан байланыссыз барлық жерде кездесе бермейді. Демек, асқазан – ішек жолдарының мүшелерін қанмен қамтамасыз ететін, артерияның бағаны мен тармақтарға бөлінетін артқы іштік қуысының қабырғасына жанасқан «париетальді» түйіндерде кездескенмен, висцеральді түйіндерде кездеспейтіндігін атап өткен жөн.

Егу кезінде құрсақ қуысындағы мүшелерден бөлінетін лимфа ағысы жолдарында орналасқан лимфа түйіндері ірі қара малдарда жекеленген бөліктері боялса, жылқыларда толығымен боялады; әр түрлі мүшелердің лимфа тамырларын аполихромды екенде бояудың

ығысқандығы және қосымша түстердің түзілуі біздің жұмыста байқалмады.

Тәжірибелік жануарлардың құрсақ қуысындағы мүшелердің аймақтық лимфа түйіндерінің және лимфа ағысы жолдарының құрылысының ерекшеліктері туралы зерттеу нәтижелері сүтқоректілер класындағы қарт адамдардың лимфа жүйесінің эволюциялық дамуы бағытын түсіндіреді.

Г. Оттавиани (G.Ottaviani, 1932), Т. Кихара и Г. Тешима. (Т. Kihara and G. Teshima, 1935), И. Русньяк, М. Фельди и Д. Сабо (1957), В.Н. Жданов (1962) және т.б. авторлар сүтқоректілер класының филогенездік қатары бойынша лимфа түйіндерінің саны дене тұрқысы бойынша артады деп есептейді. Бұл көзқарастар біздің зерттеу жұмыстарымызға сәйкес келеді. Жылқылардың көпшілік ұсақ лимфа түйіндері жалқы және ірі аймақтық түйіндер-конгломераттардан дамиды. Сүтқоректілердің лимфа түйіндерін салыстырмалы анатомиялық зерттеу жұмыстары дәлелдей түседі.

Жалпы жергілікті лимфа түйіндер-конгломераттардың ұсақталуы эмбриогенездің алғашқы сатыларында ғана емес, ағза дамуының соңғы сатыларында да байқауға болады. Бұл ірі жануарлармен қатар, барлық сүтқоректілерде кездеседі және ол жалпы заңдылыққа сай келеді.

Түйіндердің ұсақталуының бірінші сатысы – синустардың қызметтік және

морфологиялық окшаулануы, екіншісі ұлпалардан олардың бөлінуі, үшінші сатысы – жекеленген түйіндерге бөлінуі.

Жалпы жергілікті лимфа түйіндері-конгломераттардың мүшелерден жекелеп бөлінуі олардың түрлерін зерттегенде байқалады. Лимфа түйіндерінің пішіндері: дөңгелек, бұршақтәрізді, сопақша, созылыңқы және тағы басқа да пішінде де болады. Жануарларда лимфа түйіндері әр түрлі және кірпияз пішіндері жиі кездеседі. Кірпияз пішінді лимфа түйіндері, олардың әр түрлі бөліктері бір-бірімен біріккен жағдайда түзіледі. Көпбөлікті лимфа түйіндерінің жекеленген бөлік арасындағы шекарасы ұзын ойыс, ойық, кескін, қуыс түрінде және ұлпа қалыңдығының, түйін ұлпасының қуысына енетін арнасы, жіпшелер мен көпіршелер өзгеріске ұшыраған. Нақты көп бөлшектік лимфа түйіндері ережедегідей, бөлшек арасындағы ішекараның пішіні әр түрлі екендігі анықталады. Осы пішіндерді ұлпаның жалпы түйіннің бөлікке бөлінуі мен оның өзіндік түйінге жинақталуы ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, ұзын ойыс – келешек бөлшек, ойық пен саңылау шекараларын белгілей отырып, көбіне жалпы түйіннің жақын аймағын біріктірсе, ал көпіршелер бір-бірінен ажыраған бөлшектерді өзара байланыстырады. Нақты көп бөліктік лимфа түйіндері бөлшек аралық шекараның

түрлі пішіндері болады. Кейде өте ірі бөлшектерде ұсақтары екінші немесе үшінші бағаналы бөлік жиектері полюсі мен беткейлері көп бөліктік түйіннің жеке-жеке бөлігінің бір-біріне жанасқан жиектері, полюсі және беткейлері алғашында толық конгруэнтті немесе ұлғайған дәнекер ұлпасының жіңішке қабатымен бөлінген. Әрбір бөлік арасында май қабаттары пайда болады, бөліктер ығысады және бір-біріне алшақтаған түйінге тән пішіні (сопақ немесе дөңгелек) дамиды. Көп бөліктік түйіндерде бөлік саны әр түрлі: 2-3-тен 5-8-15 және одан көп. Нақты көп бөліктік түйіннің жеке бөліктерінің өлшемдері мен өзара қатысты орны да әр түрлі болады.

Бірқатар жануарлардың лимфа түйіндерінің бұрыс пішіні Г. Оттавиани (1932) және Г. Бауммен (Ellenberger — Baum, 1943) анықталған.

Біздің мәліметтер бойынша, ірі қара малдардың бөліктік лимфа түйіндері ұрық пен жаңа туылған төлдерде өте жиі және пішіндері анық көрінеді. Кейде олар құрсақтық дамудың соңғы айларында ересек және қартайған жануарларда осы түйіндер типтік болып табылады. Олардың ұрықтағы айқындылығы даму кезеңінің әрбір сатысында барлық ағзалардың және организм жүйелерінің өсуі, қалыптасуы мен нақты түзілуінің қарқынды түрде дамуымен түсіндіріледі. Жыныстық пісіп жетілу басталған кезде, лимфа түйіндерінің ұсақталуы аяқталады

және ересектерде олар ірі қара малдарға тән шашыранды (дисперстік) типті болып келеді. Ересектер мен кәрі малдарда жеке бөліктік лимфа түйіндері пайда болады. Олардың қалыпты дамуын алдын ала тоқтатуды мәліметтейтін белгіні көрсетеді.

Көп бөлікті лимфа түйіндері бөлік аралық шекарасын зерттеу нәтижелері, көрсетілген шекаралардың фронтальді, көлденең, сагитальді және түйіспелі жүйесіндегі жазықтыққа сай өтетіндігі анықталды. Осы бақылау нәтижелері ірі жануарларда лимфа түйіндерінің топтары, қатарлары және қабаттары қалай түзілетіндігі туралы көзқарастың қалыптасуына негіз береді.

Осы көзқарастан, егер ірі қара малдың іштік қуысының көптеген лимфа түйіндері жергілікті жеке түйін конгломераты негізінде түзілсе және дамыса, онда оған тән ағзалардан ағатын лимфа ағысы жолдарының ең басты ерекшеліктері түсінікті болар еді. Бағыттарға сәйкес, нақты ағзаның жергілікті жалпы түйін конгломераты алғашында аналық түйіндерге, қатарларға немесе тізбектерге, сонымен қатар, жеке топтар шамасында қабаттарға бөлінеді.

Жергілікті жалпы түйін конгломераты фронтальді (және оларға тангенциальді) жазықтық жүйесінде аналық түйіндерге бөлінген кезде қайта түзілген түйіндер алдыңғы және артқы (вентральді және дорсальді) қатарлар немесе қабаттарды; ал оның

сагитальді жазықтықта бөлінуі (және оларға жанасушы) оң және сол (медиальді және латеральді) қатарлар немесе қабаттарды және оларға көлденең және жанасушы жазықтықта- краниальді (жоғарғы) және каудальді (төменгі) қатарлар немесе қабаттарды құрастырады. Жеке бөлік аралығындағы шекаралар осы көрсетілген жазықтықтармен қатаң түрде түйіспейтіндіктен, түзілген түйіндер оларға қатысты түрлі комбинацияларда орналасуы мүмкін. Адамның іштік қуысында түрлі жүйеге қатысты ағзалар болғандықтан және әр түрлі біріншілік өнімдерден түзілетіндіктен, оларға тән лимфа түйіндері бірқатар алғашқы жергілікті жалпы түйін конгломератының туындау кезі болып табылады.

Жергілікті жалпы түйін конгломератының әрбірі бөлінген кезде түзілетін лимфа түйіндері дәнекер ұлпасымен, май клетчаткасымен, қан тамырларымен жылжиды, әр түрлі бағытта ығысады, сонымен қатар, ағзалардың, шырышты жамылғының және т.б. даму процесінде де ауытқиды. Жалпы туындауына байланыссыз, ағзалардағы лимфаның үлесі нақты ұлпаның лимфа түйіндеріне (мысалы, асқазанның үлкен қатпарының әкелуші лимфа тамырларымен тасымалданытын және көлденең иірімді ішектің иірім маңындағы әкетуші лимфа тамырлары бойымен немесе ұйқы безі мен жыныс безі және т.б. әкелуші лим-

фа тамырлары бойымен тасымалданытын лимфа үлесі) өтуіндегі жағдайды түсіндіру өте қиынға соғады. лимфа түйіндерінің Мұндай байланысы екіншілік түзілуде маңызы бар екендігі туралы көзқарас қалыптасады, олар сүтқоректі жануарларда табиғи лимфа ағысы жолдарындағы кедергінің арқасында дамиды. Лимфа түйіндерінің саны, өлшемі, жағдайы, олардың ағыс аймағымен байланысы көптеген авторлармен көрсетілген, сонымен қатар, ағзалардан келетін лимфа ағысы жолының құрылысы филогенезде лимфа түйіндерінің кеш қалыптасуымен және олардың филогенетикалық (жергілікті жалпы түйін конгломератының бастапқыда бөлінуімен, олардың концентрленген түрінің дисперстікпен ауысуымен және көп этаптық лимфа ағысының түзілуімен) даму ерекшелігімен түсіндірілуі мүмкін. Лимфа түйіндерінің дисперстік түрі қазіргі кезде түзілу кезеңінде болғандықтан және толығымен нақтыланбағандықтан, лимфа түйінінің осы түрі қаншалықты айқын болса, оның ауытқуы соншалықты жоғары болады. Сонымен, лимфа түйіндері барынша ауытқумен, сонымен қатар, сүтқоректілердің іштік қуысының ағзаларынан ағатын лимфа ағысы жолының құрылысымен ерекшелінеді деген көзқарас қалыптасады.

Морфофункциональная характеристика и топография лимфатических узлов брюшной полости некоторых млекопитающих

А.И. Газизова

доктор биологических наук, профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан.

Г.С. Ибраева

старший преподаватель, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан.

А.С. Тожыбаева

старший преподаватель, кандидат ветеринарных наук, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан.

Аннотация

В статье описывается морфофункциональная характеристика и топография лимфатических узлов брюшной полости некоторых млекопитающих. Вариабельность числа, размеров, положения лимфатических узлов, их связей с регионами притока, а также вариабельность строения путей лимфооттока от органов может быть объяснена поздним появлением лимфатических узлов в филогенезе и особенностью их филогенетического развития.

Ключевые слова: лимфатические узлы, лимфоотток брюшной полости, монохромная и полихромная инъекция, морфофункциональная характеристика и топография, филогенетическое развитие, млекопитающие

***Morphofunctional characterization
and topography of lymph nodes of celiac
of some mammals***

A.I. Gazizova

doctor of biological sciences, professor,
S.Seifullin Kazakh Agro Technical
University, Astana, Kazakhstan.

Ibrayeva Gulmira Sayfullayevna

senior lecturer, S.Seifullin Kazakh Agro
Technical University, Astana, Kazakhstan.

Tozhybaeva Aygul Serkeshovna

senior lecturer, candidate of veterinary
sciences, S.Seifullin Kazakh Agro Technical
University, Astana, Kazakhstan.

Summary

Morphofunctional characterization and topography of lymph nodes of celiac of some mammals are described in the clause. Variableness of number, sizes, position of lymphnodes, their connections with territories of indraft, and likewise the variableness of structure of ways of lymphatic outflow from organs can be explained by late appearance of lymph nodes in phylogenesis and feature of their phylogenesis development.

Keywords: lymph nodes, lymphatic drainage of the abdominal cavity, monochrome and polychrome injection, morphofunctional characteristics and topography, the phylogenetic development, mammals.

Б.Қ. Жумабекова

*биология ғылымының докторы, ПМПИ жалпы биология кафедрасының
профессоры, Павлодар, Қазақстан*

Н.С. Сарбасов

*биология ғылымының кандидаты, ПМПИ биоэкология және экологиялық
зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері, Павлодар, Қазақстан*

Ж.Р. Жумашев

ПМПИ студенті, Павлодар, Қазақстан

ПАВЛОДАР ЕРТИС Өңірінің урбанизация территорияларындағы ұсақ сүтқоректілердің түр құрамы

Аңдатпа

Ақсу қаласының зерттелген 5 құрылымында кеміргіштердің екі түрі тіркелді. Арнайы техникалық жайларда үй тышқандары жиірек ұстадық, дала тышқандары сирек кездесті.

Ақсу қаласының шегіндегі биотоптардың 7 типінде ұсақ аңдардың 8 түрі, жәндік қоректілердің 1 түрі анықталды және зерттелді. Ақсу қаласында кеміргіштерге қолайсыз биотаның бірі пром зоналар болып келеді. Өсімдіктердің аздығы орман және дала кеміргіштеріне кері әсерін тигізеді.

Павлодар қаласының ұсақ сүтқоректілердің мекендеріне ең жарамсыз болған биотоптары көгалдары (газон) болды. Бұл аумақта саны жағынан өте аз бір ғана түрі-үй тышқаны ұсталынды. Қаланың бос жатқан жерлерінде дағдылы түрі үй тышқаны болды. Ол сирек кездесетіндер санатына дала, орман тышқандары және топты сұр тышқан болды. кеміргіштерге қолайлы биотоптар ол су жайылымдары мен құрайлары

Ірі қалаларда климатқа, қорекке және жасырыну орындарының бар болуына байланысты жануарлардың өмір сүруіне ерекше жағдайлар жасалады. Синантропты және жабайы жануарлар ең алдымен сапроноздық инфекция, лептоспироз, туляремия, гильментоз және т.б. ауруларды тасымалдаушы ретінде үлкен практикалық рөл атқарады. Осыған орай тұрғындардың тығыз орналысуына байланысты кейбір жеке аурулардың қозуы кейіннен тез арада кең таралған эпидемияға айналуы мүмкін. Қалаларда мекендейтін жануарлар урбациноздардың маңызды бөлігін құрайды және үнемі өзіне көңіл аударуды талап етеді. Жануарлар мекендейтін қалалық орта- бұл ерекше зертеулерге талап ететін эволюциондық жаңа орта екені сөзсіз. Заманауи үлкен қалаға жануарлардың, әсіресе ұсақ және аз қозғалатын, бірорынды және аралас орналасуы тән. Көптеген авторлардың пайымдауынша, қалалалық популяциялар морфо-физиологиялық көрсеткіштер

болып келеді. Антропогендік басымдылығының төмендігіне және қоректің молдылығына байланысты кеміргіштердің өмір сүруіне және көбеюіне қалалық жағдайда өте қолайлы жағдай туындайды.

Басты сөздер: урбанизация, сүтқоректілер, антропогендік фактор, популяция, эволюция

комплексі бойынша нағыз аралдар популяциясына барабар.

Адамдар тұрақтарының пайда болуы, агрегациясымен концентрациясы ландшафттардың биотасының қатты өзгеруіне әкеліп соғады. Ұсақ аңдар қауымдастығының құрылымы адамдар жасаған ортамен байланысты [1]. Экологтар қалаларды зерттегенде оларды техноценоз және биоценоздан тұратын екі компонентті урбожүйе ретінде қарастырады [2-5]. Адамдар салған құрылыстар техноценоздың бір бөлігі, сондықтан автохтонды жануарлардың тұруына онша жарамды емес [1]. Урбанизацияланған аумақтардағы және оның ішінде құрылыстағы аңдардың қауымдастығы адамдар мен девастирацияланған ортамен аңдардың популяциясының белгілі бір кеңістікте және уақыт аралығында қатынастары арасында пайда болған нәтиже. Осының өзі аңдардың синантропты емес басқа түрлерінің өмір сүру аймақтарының көбеюіне әкеледі. Қаланы (урбоценоз) жабайы аңдар тұратын эволюциялық жаңа орта ретінде қарастырғанда оның бір-бірімен тығыз байланысты биоценоз және техноценоз сияқты екі бөліктен

тұратын бүтін жүйе екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан кез келген қаладағы ұсақ сүтқоректілердің экологиялық ерекшеліктерін зерттеген кезде, тек қана жасыл аумақтардағы (биоценозда) түрлер құрамын, көптігін және таралуын сипаттамай, сонымен қатар осы параметрлерді техноценоздың бөлігі болып табылатын адамдар салған әр түрлі құрылыстарды да зерттеу керек.

Сонымен қатар Павлодар Ертіс өңірінде урбанистік территориялар шегінде сүтқоректі жануарлардың мониторингті зерттулері болған жоқ және олардың санына, көбеюіне және таралуына антропогендік факторлардың ықпал етуі жайында мағлұматтар өте аз. Практикалық маңызы зор осы жануарлар тобын қоршаған ортаның жағдайы мен сапасын бағалау индикаторы ретінде қолдану мүмкіндігі туралы мәліметтер жеткіліксіз. Осы жұмыс барысында жоғарыда ескерілген бағыттар бойынша белгілі бір дәрежеде мағлұматтар толтыруға талпыныс жасалды. Осыған байланысты оның өзектілігі қалыптасады.

Ұсақ сүтқоректілер популяциясының өмір сүру процессіне ерекше маңызды антропогендік фактордың әсер етуінің мөлшерлік бағасы келтірілген (көбеюі мен саны). Павлодар Ертіс өңірінің урбанистикалық территориясы ішінде тіркелген сүтқоректілердің түрлерінің құрамы анықталды. Қала аумағында үнемі болатын ұсақ сүтқоректілер үшін шыңынан бастап депрессия фазасына дейінгі санының үш жылдық табиғи

циклі анықталды. Қаланың қазіргі этаптағы сан мөлшері мінездемесі қолданумен ұсақ сүтқоректілер бірлестіктердің құрлымы көрсетілген. Ірі қалалар аумағында қарастырып отырған жануарлар тобы микроэволюциялық процесстердің негізгі бағыттары анықталған және популяцияның фондық түрлердің метрикалық және фенетикалық ауытқулары талданды. Қоршаған ортаның сапасына жанама баға беру үшін ұсақ сүтқоректілерді индикатор ретінде қолдану мүмкіндігі дәлелденді [6].

Материал жинау тәсілі

Материал жинау есептік бағыттар мен белгіленген алаңшаларда жүргізілді. Қақпан құралдары ретінде Геронның үлкен және кіші қақпандары мен тірідей ұстағыш торлар пайдаланылды. Жемтікке күнбағыс майына қурылған наны қолданылды. Есептік қақпан құралдарын зерттелетін биотоптың ауданына байланысты бір-бірінен 5 метр қашықтықта 25 тен 100 данаға дейін құрылды. Олар бір жерде 3-4 тәулік қойылып, тәулігіне бір рет тексеріліп отырылды.

2011-2012 жылдар аралығында 991 ұстағыш-тәулік қойылды, барлығы ұсақ аңдардың 9 түрінің 220 данасы ұсталды.

Мәлеметердің статистикалық өңдеуі

Қойылған мақсаттарды шешу үшін көлемді материал зерттеліп анализға ұшыралды. Урбандық аумақтарда ұсақ сүтқоректілерінің доминанттылық индексін анықтау үшін Бергердің ұсынған тәсілі бойынша анықталды:

$$D_i = n_i / N * 100 \text{ - бұл жердегі}$$


Ұсақ сүт қоректілердің ауландылығын анықтау үшін арайы Маргелаф индексі қолданылды $d = S - 1 / \ln N$

Бұл тәсілді ұсақ сүтқоректілердің бір аумақтағы түрлердің алуандылығын анықтау үшін қолданылады, неғұрым көрсеткіш саны аз болса, солғұрым алуандылық түзу болып саналады.

Зерттеу қортындылары

Ақсу қаласының зерттелген 5 құрылымында кеміргіштердің екі түрі тіркелді. Арнайы техникалық жайларда үй тышқандары жиірек ұсталынды, дала тышқандары сирек кездесті. Әкімшілік-шаруашылық жайларда және қалалық типтегі тұрғын үйлерде мекендейтін ұсақ аңдардың түрлерінің құрамы арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Бұл ғимараттарда үй тышқандары дағдылы, дала тышқандары бірен-саран кездеседі. Ауылдық типтегі тұрғын үйлерде аңдардың 4 түрі ұсталынды. Олардың ішінде үй тышқандары басым болды. Әрі қарай көптігіне байланысты дала тышқаны, орман тышқаны кездесті. Қоңыртис (бурозубка) өте сирек. Аула ішіндегі шаруашылық құрылыстарда ұсақ сүтқоректілердің 3 түрі табылды. Мұнда көбіне үй тышқаны мен дала тышқаны мекендейді, орман тышқандары-сирек (1 сурет).

Талдау кезінде анықталғаны: ұсақ сүтқоректілердің түрлері мен көптігі бойынша арнайы техникалық жағдайлар әкімшілік-шаруашылық және көп қабатты тұрғын үйлерде айырмашылық өте аз болды. Ұсақ аңдардың саны



1 сурет - Ақсу қаласының адамдар салған құрылысындағы ұсақ сүтқоректілердің басымдылығының графигі. Белгілер: АТЖ- арнайы техникалық жайлар, ӘШЖ- әкімшілік шаруашылық жайлар, ҚТТҮ- қала типтегі тұрғын үйлер, ЖАҚ жеке меншік аумақтардың қоралары.

мен түрлері ауылдық типтегі үйлердің шаруашылық құрылыстарында көп болды.

Павлодар сияқты ірі қалаларда кеміргіштердің ең аз қоныстанған жері арнайы техникалық ғимараттар. Бұл жерде үй тышқанының тіршілік ететіні анықталды. Ұсақ сүтқоректілердің осындай жағдайлары шаруашылық-әкімшілік және қалалық типтегі үйлерде кездескен түрлер құрамыны ұқсас болды. Айырмашылығы кездесу жиілігінде болды. Сонымен, шаруашылық-әкімшілік ғимараттарында көбіне үй тышқандары ұсталынды. Бұл жайларға анда-санда дала тышқандарының кіргені байқалды (2 сурет).


Анықталған нәтижелер бойынша, ірі қалалардың құрылыстарында

кеміргіштердің ішінде ең жақсы бейімделгені үй тышқаны болды (2 сурет). Ол қала құрылыстарының барлық типтерінде кездесіп, дағдылы және жиі кездесетін санаттарына кірді. Кездесу жиілігі бойынша екінші орында ғимараттардың екі типінде кездескен дала және орман тышқандары болды. Ұсақ сүтқоректілердің басқа түрлері бұл жерлерде кездескен жоқ.

Ақсу қаласы.

Ақсу қаласының шегіндегі биотоптардың 7 типінде ұсақ аңдардың 8 түрі, жәндік қоректілердің 1 түрі анықталды және зерттелді.

Кіші қаланың көгалдары мен бос жерлерінде кеміргіштердің 4 түрі ұсталынды. Сәл айырмашылық түрлерінде болды. Бұл жерлерде



2 сурет - Павлодар қаласының адамдар салған құрылысындағы ұсақ сүтқоректілердің басымдылығының графигі. Белгілер: АТЖ- арнайы техникалық жайлар, ӘШЖ- әкімшілік шаруашылық жайлар, ҚТТҮ- қала типтегі тұрғын үйлер, ЖАҚ жеке меншік аумақтардың қоралары.


қызылсібір тышқаны аз кездесе, ал арктикалық қоңыртiс мүлдем кездеспеді. Қаланың құрайларында үстiнгiлермен салыстырғанда ұсақ аңдардың саны көбірек болды (3 сурет). Мұнда басыңқы түрi-үй тышқаны мен дала тышқаны болды. Сондай-ақ орман тышқаны мен кәдімгi сұр тышқандары да кездесті. Кіші қаланың шет жақтарында орналасқан бақшаларда ұсақ сүтқоректілердің 7 түрi өмір сүреді. Осы биотоптың доминанты үй тышқаны болды. Дағдылы түрлер категориясына үй және дала тышқандары кірді. Бұталар ішін сүтқоректілердің 4 түрi мекендеген және саны жағынан аз болды. Жиі кездескен түрi дала тышқаны болды. Жекеменшік аумақтардың аулаларында мекендеген ұсақ аңдардың 4

түрi ұсталынды. Ең жиі кездескені үй тышқандары болды(3 сурет).

Жайылымдық аумақ ұсақ сүтқоректілердің ең көп мекендеген биотоптың типі болды. Мұнда мекендейтін типтердің 7 түрi ұсталынды. Өзен жағасындағы биотоптардың доминантты түрi дала тышқаны болды. Орман мен қызылсібірлік сұр тышқан-дағдылы (3 сурет).

Павлодар қаласы.

Ұсақ сүтқоректілердің мекендеріне ең жарамсыз болған биотоптары Павлодар қаласының көгалдары (газон) болды. Бұл аумақта саны жағынан өте аз бір ғана түрi – үй тышқаны ұсталынды. Біздің ойымызша, осы құрылысы жоқ аумақтар типімен байланысы жоқ түрлердің кездейсоқ




3 сурет - Аксу қаласының салынбаған аумақтарының ұсақ сүтқоректілердің басымдылығының графигі. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-курайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҰА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.

кездесуі. Қаланың бос жатқан жерлерінде дағдылы түрі үй тышқаны болды. Ал сирек кездесетіндер санатына дала, орман тышқандары және топты сұр тышқан жатады.

Курайларға ұсақ аңдардың сандары мен түрлер құрамының әртүрлілігі тән. Осы тіршілік мекендерінде дала тышқаны басым болды, орман және үй тышқандар дағдылы деңгейде болды, ең сирек кездескені—экономка сұр тышқаны. Ұсақ аңдардың 6 түрі мекендеген бұталар ішінде басқалардан гөрі жиірек кездескендері орман және үй тышқандары болды. Ұсақ сүтқоректілер

санының жоғары деңгейі жайылымдық аймақта кездесті. Бұл жерде дала сұр тышқаны доминант болып келетін, ұсақ аңдардың көптеген түрлері мекендейді. Көп кездескені үй және қызыл сібірлік сұр тышқандары.

Ірі қалада кіші қалаға ұқсас заңдылықтар анықталды. Осы елді мекенде құрылысы жоқ аймаққа жақсы бейімделген түрлер тобы көзге ашық көрінеді. Олардың ішінде ең жақсы бейімделгендері дала және үй тышқандары (4 сурет). Урбаникалық қысымға өте сезімтал болғандары қоңыртісті тышқан мен экономка сұр



4 сурет - Павлодар қаласының салынбаған аумақтарының ұсақ сүтқоректілердің басымдылығының графигі. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-қурайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҰА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.


тышқаны. Осы түрлердің екеуі де қаланың шет аймақтарында антропогендік процестер ықпал көп ете қоймаған биотоптарда кездесті. Ірі қалада да, кіші қалада да ұсақ сүтқоректілердің мекендеуіне ең жарамсызы көгалдар мен бос қалған аймақтар болды (4 сурет). Ал түрлердің көп таралуы өзен жайылымы болды.

Синантропияға әр түрлі бейімділігі бар ұсақ сүтқоректілердің қауымдастықтарының арасалмағы.


Аумақтары әр түрлі қалалардағы кеміргіштер мен жәндікқоректілер қауымдастығының құрылым параметрлерін салыстыру үшін зерттелген екі елді мекендер (Павлодар, Ақсу) биотоптарының

7 түрін алдық. Бұлар—көгалдар, бос жерлер, бақшалар, бұталар, жер үйлердің аула іштері, жайылымдар және өндіріс өңірлері. Осы екі қаланың жер үйлердің аула іштерінде көбіне ұсақ аңдардың тек синантропты түрлері кездесті, бірақ саны онша көп емес. Мұнда сондай-ақ гемисинантропты түрлері де анықталды. Синантропты және гемисинантропты түрлерінің көгалда, ал кіші қаланың бос жерлерінде кездесуі бір-біріне теңдес болады.

Мекендердің көбінде басыңқы топ гемисинантроптар болды. Кіші қалада осындай биотоптар типіне жайылымды және өндіріс өңірін, бұталар мен қурайларды жатқызуға болады. Экзоантроптардың



6 сурет - Ақсу қаласындағы әр түрлі синантропияда икемделген сүт қоректілердің арақатынас үлесі. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-қурайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҰА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.



7 сурет - Павлодар қаласындағы әр түрлі синантропияда икемделген сүт қоректілердің арақатынас үлесі. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-қурайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҰА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.

ең көп үлесі кіші қаланың жайылымдық аймағында, сонан кейін кездесу жиілігіне қарай қурайларда, бұталар ішінде, бос жерлерде, бақшаларда болды.

Ірі қала гемисинантропты түрлердің басым болған аймақтарына бос жерлерді, қурайларды, жайылымды енгізуге болады.

Әр дәрежедегі екі қаладағы мекендердің 7 типін салыстыру барысында қауымдастық құрылымдардың ортақ заңдылықтары, сонымен қатар ерекшеліктері де болды. Мен қарастырған барлық ценоздарда синантропты түрлері кездесті.

Яғни қаладағы аймақтарда урбанистикалық өзгерістердің күшеюінің шамасына қарай, ұсақ сүтқоректілердің ішінде гемисинантропты және синантропты түрлері басымдылыққа ие болды. Осындай заңдылық ауылдық елді мекендер де анықталған еді.

Тексерілген қалалардағы ұсақ сүтқоректілердің түр құралдары мен таралуын зерттеу, өздерімен популяциялар үйлесімін көрсететін қауымдастықтардың құрылымына салыстармалы талдау жасаудың алғашқы қажетті сатысы болып табылады.


Ұсақ сүтқоректілердің урбанизацияланған аймақтардағы қауымдастық құрылымы өзінің антуральдығына қарамастан әлі онша көп зерттеле қоймаған. Сондықтан, сөзсіз, көп көңіл бөлуді және жан – жақты қарастыруды талап етеді. Осы жұмыстардың маңыздылығын зерттеушілердің көбі

антропогенді өзгеріске ұшыраған ландшафттардың ұлғайғанын және одан ары өсе беретін дәлел ретінде келтіреді.


Қаланың бірінші аумағында ұсақ сүтқоректілердің аз сан алуандылығына қарамастан бірінші аумақта синантроптар басым бөлігін алады, ал гемисинантроптар саны аз.(10-11 сурет) Келесі аумақта гемисинантроптар түрі басым. Соның ішіндегі доминантты түрлері дала тышқаны мен кәдімгі сұр тышқан болып келеді. Үшінші аумақта ұсақ сүтқоректілердің көптігі өсе бастады, осы жерлерде гемисинантроптар басым. Гемисинантроптардан екінші болып экзонтроптар, ал синантроптар сирек кездесті.

Ақсу қаласының ортасында синантроптар түрі доминантты, бірақ Павлодар қаласына қарағанда Ақсу қаласының бірінші аумағында экзонтропты түрлер кездесті. Ақсу қаласының екінші аумағында гемисинантроптар түрі басымдылығын көрсетті, бірақ су жайылымның екінші аумағында орналасуына байланысты гемисинантроптардың және экзоантроптардың арасында үлкен айырмашылық аңдалмады. Ал үшінші аймақта доминантты түр ретінде гемисинантроптар болды, бірақ синантроп түрі экзонтроптарға қарағанда басым, осының бәрі Ақсу қаласының үшінші аумағынды антропогендік қысымның үлкен болуының себептілігін білдіреді.


Нақтырақ айтсақ, ұсақ сүтқоректілердің үш түрі салынбаған территорияда таралуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Басты себебі қалалар



8 сурет - Аксу қаласының ұсақ сүтқоректілердің түр ауландылығы. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-қурайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҮА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.



9 сурет - Павлодар қаласының ұсақ сүтқоректілердің түр ауландылығы. Белгілер: К-көгал, БЖЖ-бос жатқан жерлер, Қ-қурайлар, ББ-бау-бақшалар, Б-бұталар, ЖҮА-жеке меншік үйлердің аулалары, СЖ-су жайылымдары, ПЗ-пром. зоналар.



10 сурет - Павлодар қаласындағы ұсақ сүтқоректілердің ауланған аумақтары:
 1-саяжайлар, 2-көп қабатты үйлер, 3-пром. зоналар,
 4-офисті-әкімшілік ғимараттар, 5-жер үйлері, 6-жаңа құрылыстар

құрылыстарының айырмашылығы, қалалардың көлемі мен құрылымның қалпына байланысты деп ойлаймын. Солайша Ақсу қаласының бірінші аймағынан бастап экзоантропты ұсақ сүтқоректілер кездесе бастады. Ал екінші аймақтан бастап гемисинантроптар екі қалаларда доминантты түрге айналды.


Синантроптар тек екінші орын алады. Ақсу қаласының үшінші аумағында синантропты сүтқоректілер типі экзоантроптардан басым, ал доминантты орынды гемисинантроптар алады.

Қорытынды

1. Қалыптасудың алғашқы кезеңдерінде фауналар ішінде түпкілікті эк-



11 сурет - Ақсу қаласындағы ұсақ сүтқоректілердің ауланған аумақтары
1-сажайлар, 2-көп қабатты үйлер, 3-пром. зоналар,
4-офисті-әкімшілік ғимараттар, 5-жер үйлері, 6-жаңа құрылыстар



12 сурет - Ақсу қаласының аумақтары: 1-сажайлар, 2-көп қабатты үйлер,
3-пром. зоналар, 4-офисті-әкімшілік ғимараттар,
5-жер үйлері, 6 жаңа құрылыстар

зоантроптар көп болатын, ал соңғы фазаларда (қалаларда) олардың үлесі өте аз болды. Рурализацияның күшею шамасына қарай ұсақ сүтқоректілер қауымдастығы бастапқыда автохтонды шалғындық гемисинантроптармен толығады, кейінірек урбанистикалық қысым көп болғанда оларды синантропты түрлер үй тышқандары мен егеуқұйрықтарға ығыстыра бастайды. Сонымен бірге осы түрлердің үшеуі де инвазиялық болып табылады және адамдармен жылы жақтардан келгендігін айта кету керек.

2. Жұмыс барысында келесі заңдылық анықталды. Қалалардың барлығында, олардың үлкен-кішілігіне қарамастан, ұсақ сүтқоректілердің тіршілік етуіне жарамды, әр түрлі шамадағы жарамды біртүрлі ценоздар айқындалды. Ұсақ аңдардың көпшілігінің өмір сүруіне ең жарамсызы антропогендік жүктеме қатты әсер еткен және қорек базалары аз көгалдар, бос жатқан жерлер, парктер сияқты ценоздар болды. Бұлардан басқа антропогендік ықпал орташа әсер еткен, бір-біріне аз ұқсайтын құрайлар, өзен жағалаулары, бау-бақша сияқты биотоптар анықталды. Бұл биотоптар экологиялық кеңістіктердің көбеюіне, ондағы кездесетін түрлердің және олардың санының көбеюіне әкеледі.

3. Қаланың ұсақ сүтқоректілер қауымдастығының құрылысына өзара байланысы жоқ қала аумағы, климат, үлкен су айдыны, елді мекендер ішіндегі ценоздың сапасы сияқты көптеген

факторларға тәуелді. Жабайы аңдардың қала сияқты күрделі және динамикалық ортада біріншілік етуге бейімделе қоюы қиын екені түсінікті. Ол үшін оларда туа біткен бейімделу ерекшеліктері немесе жаңадан қалыптасқан бейімділігі болуы керек.

Ұсақ аңдардың синантропты түрлері өзінің жыл бойы тіршілік жасауына ыңғайлы жаңа экологиялық кеңістік ретінде адамдар тұрғызған құрылыстарда орналасқан. Бұл жерлерде олар абсолюттік доминант. Сол сияқты синантроп түрлері жазғы уақытта қаланың ашық аймақтарында да өмір сүре алады.

Гемисинантропты түрлер синантроптарға қарағанда адамдар салған құрылыстарға онша бейімделе қоймаған. Оның есесіне құрылысы жоқ аймақтарда жылдың барлық маусымдарында ұсақ аңдардың басқа түрлерінен басымды болып келеді.

Экзоантроптар саны жағынан да, аймақта таралу жағынан да барлық жерлерде гемисинантроптарға жол береді.

Жұмыс ЖОО ішлік жобалар ішінде жасалынды. «Павлодар Ертіс өңірінің селитиондық аймақтардағы биологиялық ластануының экологиялық аспектілері» Авторлар өз ризашылықтарын білдіреді: Суров А.В., Феоктистова Н.Ю. Экология және эволюция мәселелер А.Н.Северцовтың РАН (Ресей, Мәскеу) институтының қызметкерлеріне және Лебедев В.С МГУ музейінің қызметкеріне, материалдың жину мен зерттеуіне көмегін тигізгені үшін. Се-

лемнев В.Ф Павлодар ауданының санитарлық эпидемиялогиялық қадағалау департаментінің мәлеметтерімен бөліскені үшін.

Әдебиет тізімі

1 Гладков Н.А., Рустамов А.К. Животные культурных ландшафтов // М.: Мысль, 1975. 596 с. Глазычев В.Л. Социально-экологическая интерпретация городской среды. М.: Наука, 1984.

2 Баруш В. Синантропизация и синурбанизация позвоночных животных как процесс формирования связей между популяциями животных и человеком // *Studia geographica*. 1980. V. 71. №1. P. 9-29.

3 Мазинг В. Проблемы экологии города // *Городская экология*. М.: Наука, 1987. Вып. 9. С. 145-150.

4 Клауснитцер Б. Экология городской фауны. М.: Мир, 1990. 248 с.

5 Masing V. The Town as an Ecosystem // *Eesti Loodus*. Tallinn. 1979. №1. p. 6-11

6 Тихонова Г. Н., Тихонов И.А., Суров А.В., Богомоллов П.Л., Котенкова Е.В. Экологические аспекты фауны мелких млекопитающих урбанистических территорий средней полосы России. Москва 2012 г.

Видовой состав мелких млекопитающих на урбанизированных территориях Павлодарского Прииртышья

Б.К. Жумабекова
доктор биологических наук, ПГПИ,
г. Павлодар, Казахстан.
Н.С. Сарбасов
кандидат биологических наук, ПГПИ,
г. Павлодар, Казахстан.
Ж.Р. Жумашев
студент, ПГПИ, г. Павлодар, Казахстан.

Аннотация

Обследованы 5 типов строений г. Аксу, зарегистрировано два вида грызунов. В помещениях технического назна-

чения чаще отлавливали домовых мышей, редко полевую мышь. В Аксу было выделено и обследовано 7 типов биотопов, в которых в целом установлено обитание 8 видов грызунов и 1 вида насекомых. Самой неблагоприятной биотопой для грызунов является промышленная зона. Скудная растительность влияет отрицательно на распространение луговых и лесных видов грызунов по территории такого рода. В г. Павлодаре было отловлено 7 видов грызунов и 2 вида насекомых. Малопригодными биотопами для обитания мелких млекопитающих города Павлодара являются газоны. При самой низкой численности зверьков зарегистрирован только один вид - домовая мышь. Обычной на пустырях города была домовая мышь, а в категорию «редкие» попали полевая и лесная мышь. Пригодными биотопами для обитания грызунов являются поймы и бурьяны. Низкая антропогенная нагрузка и обилие пропитания создают идеальные условия для проживания и размножения грызунов на таких территориях города.

Ключевые слова: урбанизация, млекопитающие, антропогенный фактор, популяция, эволюция.

The species composition of small mammals in the urbanized territory of Pavlodar region

B.K. Zhumabekova
Sc.D., PSPI, Pavlodar, Kazakhstan.
N.S. Sarbasov
Ph.D., PSPI, Pavlodar, Kazakhstan.
Z.R. Zhumashev
student, PSPI, Pavlodar, Kazakhstan.

Summary

We examined five types of buildings in Aksu, recorded two species of rodents. In the apartments of industrial-use Mus

musculys was entrapped more often, rarely it was *Apodemus agrarius*. In Aksu it was studied seven biotopes and it were set 8 rodent species and 1 species of insectivores. Most unfavorable biota for rodents is an industrial area. Sparse vegetation negatively affect the distribution of meadow and forest rodent species on the territory of this areas. In Pavlodar were caught 7 species of rodents and 2 insectivorous species. Unsuitable habitat for small mammals in Pavlodar are the lawns. There were only one species - house mouse at the

lowest number. Common representative of waste grounds in the city was house mouse, and rarely they were *Apodemus agrarius* and *A. uralensis*. Suitable habitats for rodents are the floodplains and weeds. Here are low human pressure and abundance of food that create an ideal environment conditions for living and breeding of rodents in this areas of city.

Key words: urbanization, mammals, anthropogenic factor, population, evolution.

Н.Е. Тарасовская

*доктор биологических наук, профессор кафедры общей биологии ПГПИ,
г. Павлодар, Казахстан*

Л.Т. Булекбаева

*кандидат биологических наук, доцент кафедры общей биологии ПГПИ,
г. Павлодар, Казахстан*

Б.З. Жумадилов

*кандидат биологических наук, доцент, заведующий кафедрой
общей биологии ПГПИ, г. Павлодар, Казахстан*

К ПРОБЛЕМЕ ЛАБОРАТОРНОГО ИЗУЧЕНИЯ СЛЕДОВ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЖИВОТНЫХ

Аннотация

Авторы предлагают своеобразную подготовку студентов биологических факультетов к полевой практике в лабораторных условиях, для которой в учебном заведении должны быть созданы специальные фонды экспонатов из регионального материала. Подчеркивается важность ознакомления с полевыми признаками животных на примере музейных экспонатов. Для изучения следов жизнедеятельности животных предлагается создать коллекцию, включающую следующие группы экспонатов: 1) погадки хищных и вороньих птиц; 2) фекалии; 3) гнезда и другие жилища животных; 4) кератиновые структуры: чешуя змей и ящериц после линьки, перья птиц и шерсть животных; 5) яйца птиц и пресмыкающихся и их оболочки; 6) хитиновые структуры насекомых, оставшиеся после их линьки или метаморфоза; 7) следы питания беспозвоночных и позвоночных животных; 8) галлы (как на зеленых частях растений, так и в сухом виде); 9) информация о следах животных (в виде отпечатков, рисунков или фотографий). Обсуждаются возможности сбора рекомендованных экспонатов в различных биотопах Павлодарской области. Способы

Изучение следов жизнедеятельности животных имеет большое значение в полевых исследованиях. Поэтому у студентов биологических факультетов вузов (особенно обучающихся по университетской программе) должны быть сформированы навыки определения региональных видов животных не только по полевым признакам, но и по следам их жизнедеятельности. Это особенно важно при изучении скрытных и редких животных, непосредственный контакт с которыми невозможен или маловероятен. Обычно такие навыки студенты получают во время полевой практики – загородной или выездной. Однако современные учебные программы построены так, что время на полевую практику, в том числе по зоологии позвоночных, ограничено – как определенным сезоном, так и объемом учебных часов. Кроме того, для рациональной организации практики необходимо, чтобы навыки полевого определения региональных животных (по полевым признакам, жи-

хранения отдельных видов экспонатов предложены авторами и защищены патентами Республики Казахстан.

Ключевые слова: кератиновые структуры: чешуя змей и ящериц после линьки, перья птиц и шерсть животных.

лицам или следам жизнедеятельности) были приобретены еще во время аудиторных практических занятий.

И при этом очевидно, что получение только лишь теоретических знаний по полевому определению животных с перспективой их применения на учебно-полевой практике не является продуктивным методом обучения будущих биологов, особенно тех, кто планирует в своей исследовательской деятельности специализироваться на зоологии позвоночных. Будущему учителю биологии не менее важно знать полевые признаки местных животных и уметь их определять в природе – для взаимосвязи теории с практикой в школьном биологическом образовании, внедрения регионального компонента в учебную программу, индивидуального методического творчества и успешного руководства научной проектной деятельностью учащихся. Мы считаем, что подготовка студентов к полевой практике по зоологии позвоночных должна быть наглядной, а точнее – наглядно-практической, чтобы вербальный инструктаж и изучение соответствующей литературы сопровождались не только иллюстративными материалами, но и непосредственным

контактом с объектами, которые нужно будет наблюдать в природе.

Принцип наглядности обучения (как нельзя лучше отраженный в поговорке «Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать»), по нашему мнению, должен быть реализован и при аудиторной подготовке студентов к полевой практике. А наглядно-практический метод, наиболее продуктивный при обучении будущих зоологов, точно отражен в китайской народной мудрости: «Скажи мне – и я забуду, покажи мне – и я запомню, дай мне сделать – и я пойму».

Для изучения полевых признаков животных, предворяющих полевую практику, мы широко используем соответствующие музейные экспонаты – влажные препараты и чучела. Такие объекты имеются на биологическом факультете любого вуза, и особенно хорошо, если у вуза есть свой, пусть небольшой, естественнонаучный музей, как в нашем ПГПИ. В подготовке студентов к полевой практике по зоологии позвоночных мы используем аудиторные фонды кабинета зоологии, музейного комплекса ПГПИ, а также регионального краеведческого музея имени Потанина.

Неподвижность музейных экспонатов дает возможность организации длительного зрительного запоминания базовых полевых признаков животных – величины и пропорций тела, характерных деталей окраски (на ко-

торые следует обратить внимание обучаемых при целевой экскурсии в музей). Фиксация в памяти четкого зрительного образа важна для продуктивной работы в полевых условиях, где зверек или птица могут показаться исследователю лишь на короткое время. Но в условиях музея, к сожалению, невозможно показать характерные движения животных, а также некоторые детали, которые можно проследить лишь в процессе движения. Например, если чучела чаек и крачек демонстрируют стоящую птицу, мы не можем показать студентам основной полевой признак, отличающий чайку от крачки (треугольный хвост, в отличие от выемчатого, вильчатого хвоста крачки), хорошо заметный у летающих птиц.

Значительно сложнее организовать предварительное изучение следов жизнедеятельности животных в лабораторных условиях. Для этого, на наш взгляд, нужно собирать и систематизировать соответствующие коллекции регионального материала. В отличие от чучел, муляжей и влажных препаратов, такие экспонаты невозможно приобрести, а приходится собирать силами студентов и преподавателей. Это не так уж сложно: для этого нужны лишь наблюдательность, знание природы региона, регулярные экскурсии в местные биотопы, а также умение расположить и сохранить собранный материал в кабинете зоологии, снабдив

экспонаты соответствующими этикетками и пояснениями.

Такая коллекция будет иметь огромную не только учебно-методическую, но и научную ценность, особенно если ее собирать и систематизировать не один год. Сбор и хранение экспонатов – следов жизнедеятельности животных – может стать темой дипломной работы, а также дальнейшего научного исследования многих студентов, которые станут активными помощниками преподавателя. Соответствующие темы курсовых и дипломных работ для будущего учителя биологии будут способствовать его прикладной методической подготовке, в том числе дадут знание регионального материала и ключевое направление совместной исследовательской деятельности с коллегами и учащимися.

Хранение следов жизнедеятельности животных (помета, погадок, жилищ, гнездовой подстилки, отпечатков следов, погрызов растений и т.д.) имеет свои технические трудности, так как время сохранения этих объектов может быть ограничено естественными деструктивными процессами. Увеличение длительности хранения наиболее ценных экспонатов потребует соответствующих технических решений и может стать предметом изобретений и полезных моделей в области музейного дела.

Образно говоря, мы предлагаем поселить часть природы (точнее, созданного ею) в учебной лаборатории, что-

бы иметь возможность ознакомиться с изучением следов жизнедеятельности животных (как важнейшим косвенным методом изучения регионального животного мира) в любое время года и провести «генеральную репетицию» полевой практики в музейных и лабораторных условиях.

Наш небольшой опыт сбора и хранения следов жизнедеятельности местных животных в северо-восточном регионе Казахстана позволяет дать некоторые рекомендации по систематизации, хранению и учебно-методическому использованию таких объектов.

Из характерных следов жизнедеятельности беспозвоночных и позвоночных животных мы выделяем следующие группы экспонатов, которые можно хранить в лабораторных условиях для круглогодичной демонстрации учащимся и студентам.

1. Погадки хищных и врановых птиц могут быть собраны и систематизированы для видового определения и изучения особенностей экологии (в том числе сезонной и годовой динамики питания). В степных окрестностях города и на окраинах заброшенных дач мы часто собираем погадки канюка, мелких соколов (пустельги, кобчика, чеглока), черного коршуна, в пойменных колках – ястреба-перепелятника.

Погадки врановых птиц (ворон, сорок, грачей), состоящие из непереваренных семян и косточек плодово-ягодных культур [1, 2], обычно многочисленны

во второй половине лета и осенью. Ранней весной можно обнаружить погадки ворон и сорок, состоящие из косточек облепихи или лоха, которыми птицы питались в течение зимы.

